

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 тамыздағы № 3/475 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28868 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев

Алматы қаласының әкімдігінің
2022 жылғы
"20" шілдедегі
№ 3/342 қаулысына қосымша
Алматы қаласының әкімдігінің
2024 жылғы
"29" тамыздағы
№ 3/475 қаулысына қосымша

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

р/с	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиеленушілер саны	айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Айына бір балаға ата - ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)	37 120	53 878	25 000
2	Бөбекжай-балабақша (жеке меншік)	45 490	53 878	25 000

3	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы арнайы топтар)	224	97 475	-
4	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы мектепалды топтар)	115	23 704	-

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК